№12 «Бәйтерек» бөбекжай- бақшасы.

БЕКІТЕМІН:
№12 «Бәйтерек » б/б
меңгерушісі: Кенжебекова З.Н.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Әдіскер: Баракова Ж.Б

2023-2024 ж

2023–2024 оқу жылына арналған жылдық себі

Сарыжар селосы №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы екі қабатты, жылу жүйесімен қамтамасыз етілген. Асхана, кір жуатын орын және басқа да шаруашылық бөлмелері бар. Балабақшада 4 топ жұмыс істейді: «Балапан», «Айгөлек», «Гүлдер» «Солнышка». 100 бүлдіршін тәрбиеленуде. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған.

Оқу-тәрбие жұмысын 1 меңгеруші , 1 музыка маманы, 1 әдіскер 8 тәрбиеші атқарады. Олардың 10-еуі жоғары білімді, 1-еуі арнаулы орта білімді. Педагогтардың барлығы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтынан курстан өтті.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» негізгі ережелеріне сүйеніп жүргізіледі. Оқу жылының басында мақсат-міндеттер айқындалып, 1-ші, 2-ші кіші және ортаңғы топтар болғандықтан, жаңа типтік үлгілік оқу бағдарламасы басшылыққа алынды.

Оқу жоспарында білім саласының мазмұнын меңгеруге бөлінген ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жоспары базалық оқу жоспарында белгіленген ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті санымен сәйкестендірілді.

Күнделікті ас мәзірі санитарлық нормаға сәйкес жасалып, оның дәлдігі тексеріліп, медбике қадағалап отырды.

Биылғы жылы жылдық жоспарға мынадай мақсаттар қойылды: 1. Әртүрлі театр іс-әрекетін пайдалана отырып, балалардың анық сөйлеуін дамыту және шығармашылық сөздік қорын молайту. 2. Спорттық ойындар мен жаттығулар арқылы балалардың физикалық сапаларын дамыту (жылдамдық, иілгіштік, шыдамдылық, бағдарлай білу).

Балабақшада осы алға қойған мақсат-міндеттерді орындау барысында жұмыстар атқарылды. Педагогикалық кеңесте 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді, топтардың оқу жылына дайындығы сарапталды, әр топтың тақырыптық-перспективтік жоспарлары, вариативтік компонент жоспарлары бекітілді және күн тәртібі, ата-аналармен жұмыс жоспары бекітілді. Әр айда күн тәртібінің ұйымдастырылуына бақылау жүргізіліп отырды.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы

Жұмыс бағыттары Білім саласы бойынша оқу қызметі	Нәтиже көрсеткіштері	Жақын уақыт тапсырмалары

Scanned with CamScanner

«Денсаулық»: -дене шынықтыру;	салауатты өмір салтын ұстану, қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимылды ойындардың ережелерін сақтай алады, түрлі тапсырмаларды орындап, бір-бірден сапта жүре алады, спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игере алады	- дамытушы ойын ортасын құру; - ұйымдастырылған оқу қызметінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану; - салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру; - мектеп жасына дейінгі балаларда салауатты өмір салтын қалыптастыру.
«Коммуникация»: - сөйлеуді дамыту; - көркем әдебиет; - мемлекеттік, қазақ тілі тілдерін үйрену	тақпақтар жұмбақтар жаттауда сурет сызбаларын қолданып, баланың тез жаттап, ойлау белсенділігін арттырды. Сыпайы сәлемдесу, қоштасу, досын есіммен атау тәрбиешілердің аты-жөнімен атау дағдылары дамыды.	Жұмыстың жаңа нәтижелі түрін іздестіруді жалғастыру. Әлеуметтік шоғырлануда да оқу іс-қызметі мен жеке ішкі позициясын игеруін және жан-жақты датытуды жалғастыру.
«Таным»: - Математика негіздері; - құрастыру	пішін түстерді ажырату, пішіндердің көлемін салыстыру (ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, биік-аласа, кең-тар) ұғымдарымен және де 1-5-ке дейін тура санау және кері санауды үйретті. 1-5-ке дейінгі сан құрамдарымен танысты. Кеше-ертең-бүгін сөздерін қолдана отырып, тәулік мерзімдерін ажырата алуға дағдыланды. Өз ортасында табиғатты аялауды үйренген. (жан-жануарлар, өсімдіктер)	Қажетті дидактикалық ойындар, танымдық дағдыларын дамытатын әңгімелер,экологиялық тәрбие беретін ертегілерді дайындау. Әдістемелік әдебиеттермен толықтыру
«Шығармашылық»: - сурет; - мүсіндеу; - жапсыру; - музыка-	ұсақ қол моторикасы дамыған мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың сурет салғанда, мүсіндеуде, аппликациядан пішіндерді және бейнелерді әр түрлі қырынан таныды. .Балаларды музыкалық-ритмикалық қозғалыс	музыка бұрышын жабдықтауды жалғастыру, әдістемелік құралдармен толықтыру.

Scanned with CamScanner

	жасап,өлең айту дағдылары қалыптасқан.	
« Әлеумет»: - қоршаған ортамен таныстыру;	Балаларға қоршаған және әлеуметтік ортада өзінің және оны қоршаған адамдардың денсаулығына жауапкершілігі жақсы дамыған.Өзінің туматуыстары мен басқа адамдарға сыйластық пен қамқорлықты сезінеді	Әлеуметтік шоғырлануда оқу іс-қызметі мен жеке ішкі позициясын игеру және жанжақты дамытуды жалғастыру. Дидактикалық ойындарды, таным қабілетін арттыратын әңгімелер, адамгершілік құндылықтарына тәрбиелейтін ертегілер көрнекіліктерін дайындау.Әдістемелік құралдармен
Ата-аналармен жұмыс	ата-аналары арасында педагогтарға деген құрмет дәрежесі көтерілді, оны олардың ұжымда өткізілген барлық іс-шараларға қатысуынан көруге болады.	Салауатты өмір салтын қалыптастыруда әр түрлі жұмыс түрлерімен таныстыру және спорттық іс-шараларға қатыстыру. Ата-аналарды мектепке дейінгі білім орталығында өтетін іс-шараларға қатыстыру.
Кадрлармен жұмыс.	Педагогтардың әдістемелік шеберлігі көтерілді	толықтыру.Зерттеу жұмыстары мен түзету, реттеу, көмек көрсетуді уақытылы жүргізу Педагогтардың іскерлік шеберлік мақсатын арттыруда ұжым мүшелеріне психологиялық көмек көрсету.

Scanned with CamScanner

«Балапан» кіші тобы

ҚР МЖМБС-ға сәйкес «Денсаулық»: -дене шынықтыру; және басқа да білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізілді. Мақсаты: балаларды балабақшаға бейімдеу, сөйлеуін қалыптастыру, ойын арқылы білімдерін жетілдіру.

Жыл бойында кезекті ойын-сауықтар, ертеңгіліктер, шағын сахналаулар ұйымдастырылды. «Бауырсақ», «Қоян мен түлкі», «Шалқан» ертегілері сахналанды. «Қош келдің, ырысы мол алтын күз», «Жасыл шырша жарқыра», «Ана-гүл, Ана-жыр, Ана-өмірдің шуағы», «Алтын ұя – балабақшам», «Наурыз жыл басы» және т.б. іс-шаралар өткізілді.

Тәрбиешілерге ұсыныс: 1. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кезінде балалардың қызығушылығын арттыру. 2. Ойын арқылы балалардың белсенділігін арттыру. 3. Рефлексиялық іс-әрекеттерін дамыту. 4. Тәртіп сақтау ережелеріне аса көңіл бөлу.

«Айгөлек» ортаңғы тобы

«Айгөлек» тобының тәрбиешілері Жайлыбаева Э.С., Досмағанбетова Д.Ж. Топ тәрбиешілері жылына қойған мақсаттары: мәдени-әлеуметтік дағдыларын дамыту, тілдік қарым-қатынасты қалыптастыру, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай білімдерін жетілдіру.

Жаңа типтік үлгілік бағдарламасындағы бес сала бойынша өз міндеттерін алды. Бұл топта ертеңгіліктер: «Күз сыйы», «Жаңа жыл кешінде», «Ана-гүл, Ана-жыр, Ана-өмірдің шуағы», «Наурыз жыл басы» және т.б. іс-шаралар өткізілді.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Күнделікті күн тәртібі сақталды, күн тәртібінде шынықтыру шаралары үзбей ұйымдастырылып отырды. Жыл бойына шынықтыру шаралары өткізілді. «Денешынықтыру-сауықтыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру – үйлесімді баланың дамуы» тақырыбында семинар өткізілді. «Шыныққанбыз – шымырмыз!», «Менің көңілді добым!», «Біз болашақ жас ұлан», «Қысқы көңілді ойындар», «Денсаулық – мол байлық!» және т.б. іс-шаралар өткізілді.

«Коммуникация» саласы бойынша ертегілердің атауын, ондағы кейіпкерлердің қасиетін ажыратып, рөлдерге кіріп ойнай білді. Мысалы, «Үйшік» қуыршақ қойылымы қазіргі заман талабына сай өткізілді. Осы топта өткізілген іс-шаралар арқылы балалар өлең-тақпақтарды тез жаттауға, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды шешуге үйренді.

«Таным» білім беру саласы бойынша балалар негізгі түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратып, салыстыра алады. 1–3-ке дейін санап және кері санауды игерді, «көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» ұғымдарын түсіне алады. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажырата алады. Ауа райының жағдайын анықтай алады. Көкөністер мен жемістерді ажырата алады.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша түстерді ажыратып, кеңістікті бағдарлап, ермексазбен, аппликациямен, бояумен жұмыс жасай алды.

Scanned with CamScanner

«Солнышко» ересек тобы

«Солнышко» ересек тобының тәрбиешілері Хасанова Ш.М. және Досмағамбетова Д.Ж. Топтағы балаларды жаңа типтік үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тәрбиелеп, оқытты. Балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім беру салалары бойынша «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Әлеумет», «Шығармашылық» бағыттары жүзеге асырылды.

Алға қойған мақсаты: балаларды сөйлеуге, өз ойын жеткізуге, ересектермен, құрдастармен еркін қарым-қатынас жасауға, қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктерді меңгеруге, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға, мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыруға тәрбиелеу.

«Денсаулық» саласы бойынша салауатты өмір салтын ұстану, қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимылды ойындардың ережелерін сақтау, түрлі тапсырмаларды орындау, бір-бірден сапта жүру дағдылары қалыптасты. Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игере отырып, қимыл-қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында тәрбиешілер «Толағай» отбасылық эстафеталық спорттық сайысы, «Денсаулық – зор байлық» атты сайыс өтті.

«Коммуникация» саласы бойынша жаңылтпаш, тақпақтар, жұмбақтар жаттауда сурет-сызбаларын қолданып, баланың тез жаттап, ойлау белсенділігін арттырды. Сыпайы сәлемдесу, қоштасу, досын есімімен атау, тәрбиешілердің аты-жөнімен атау дағдылары дамыды. Хасанова Ш.М. «Мектеп жасына дейінгі балалардың грамматикалық сөйлеу жолдарын қалыптастыру» тақырыбында семинар өткізді. Досмағамбетова Д.Ж. «Театр арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында семинар өткізді.

«Гүлдер» ересек тобы

«Гүлдер» ортаңғы тобының тәрбиешілері Бабанязова М.С. Топтағы балаларды жаңа типтік үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тәрбиелеп, оқытты. Балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім беру салалары бойынша «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Әлеумет», «Шығармашылық» бағыттары жүзеге асырылды.

Алға қойған мақсаты: балаларды сөйлеуге, өз ойын жеткізуге, ересектермен, құрдастармен еркін қарым-қатынас жасауға, қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктерді меңгеруге, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға, мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыруға тәрбиелеу.

«Денсаулық» саласы бойынша салауатты өмір салтын ұстану, қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимылды ойындардың ережелерін сақтау, түрлі тапсырмаларды орындау, бір-бірден сапта жүру дағдылары қалыптасты. Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игере отырып, қимыл-қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында тәрбиешілер «Толағай» отбасылық эстафеталық спорттық сайысы, «Денсаулық – зор байлық» атты сайыс өтті.

Scanned with CamScanner

«Коммуникация» саласы бойынша жаңылтпаш, тақпақтар, жұмбақтар жаттауда сурет-сызбаларын қолданып, баланың тез жаттап, ойлау белсенділігін арттырды. Сыпайы сәлемдесу, қоштасу, досын есімімен атау, тәрбиешілердің аты-жөнімен атау дағдылары дамыды. Хасанова Ш.М. «Мектеп жасына дейінгі балалардың грамматикалық сөйлеу жолдарын қалыптастыру» тақырыбында семинар өткізді. «Театр арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында семинар өткізді.

«Таным» саласы бойынша пішін, түстерді ажырату, пішіндердің көлемін салыстыру (ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, биік-аласа, кең-тар) ұғымдарымен және 1–5-ке дейін тура санау және кері санауды үйретті. 1–5-ке дейінгі сан құрамдарымен таныстырды. «Кеше – ертең – бүгін» сөздерін қолдана отырып, тәулік мерзімдерін ажырата алуға дағдыландырды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша ұсақ қол моторикасы дамыған мектепке дейінгі кіші жастағы балалар сурет салғанда, мүсіндеуде, аппликацияда пішіндерді және бейнелерді әр түрлі қырынан таныды.

Жыл бойында кезекті ертеңгіліктер өтіп отырды: «Қош келдің, ырысы мол алтын күз», «Жасыл шырша жарқыра», «Ана-гүл, Ана-жыр, Ана-өмірдің шуағы», «Алтын ұя – балабақшам» атты ертеңгіліктер өтті. Балаларды кіші кездерінен патриоттық сезімге тәрбиелеуде күнделікті гимн айтылады. Хасанова Ш.М. қорытынды ҰОҚ-ны «Вини Пух аю қонақта» тақырыбында өткізді. Дараибаева Н.Қ. қорытынды ҰОҚ-ны «Сиқырлы үйшік» тақырыбында өткізді.

Жыл бойына балаларға театрдың түрлерін және олардың қаншалықты қызықты, әсерлі екендігін балаларға жеткізе білді. Балалар театрды өз беттерінше ойнауға және олардың кейпіне енуіне бағытталған әр түрлі жұмыстар жүргізілді.

Жыл басында ата-аналармен жұмыс жоспары белгіленіп, тәрбие жұмыстары мәдени шаралармен сай жүргізіліп отырды: ертеңгіліктерге, мерекелік шараларға ата-аналар тартылды.

Қорытынды

Педагогикалық ұжым әрдайым ізденісте, инновациялық жаңалықтарға құмар, өз тәжірибелерінде жаңа технологияларды қолдана отырып, заман талабына сай интернет желісімен жұмыс жасап, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, саналы да сапалы білім берді.

Ескерту: құжат мәтіні жүктелген фотосуреттердегі материалдың реті мен мазмұны негізінде электронды түрде терілді; суретте анық оқылмаған жекелеген сөздер мағынасы бұзылмайтындай етіп орфографиялық тұрғыдан түзетілді.

Scanned with CamScanner